

Білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілер үшін қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2010 жылғы 12 наурыздағы № 27-11 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2010 жылғы 7 сәуірде № 7-1-180 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2011 жылғы 30 наурыздағы № 38-10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2011.03.30 № 38-10 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына, 47 бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының 6 бабының 4) тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасын басшылыққа алып, Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Орал қаласындағы білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілер үшін қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүру құқығы берілсін.

2. Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша жергілікті бюджеттен тиісті күнтізбелік жылға арналған "Білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қолдау" 6.02.464.008. бағдарламасы бойынша қаражат бөлу қамтамасыз етілсін.

3. Орал қаласының әкімдігіне осы шешімді жүзеге асыру бойынша шаралар қ а б ы л д а у ұ с ы н ы л с ы н .

4. Орал қалалық мәслихатының "Орал қаласындағы білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілер үшін қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүру туралы" 2009 жылғы 31 наурыздағы № 15-10 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-134 тіркелген, 2009 жылғы 23 сәуірде "Жайық үні" газетінде № 17 және 2009 жылғы 23 сәуірде "Пульс города" газетінде № 17 жарияланған) шешімінің күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

*Орал қалалық мәслихатының
кезекті 27-ші сессиясының төрағасы В. П. Любавин
Орал қалалық мәслихатының хатшысы Ә. Қ. Истелюев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК